

Қазақстан Республикасы Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігінің мәселелері

Күші жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 1999 жылғы 12 қараша N 1693 Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2002.11.06. N 1173 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының құрылымын жетілдіру және олардың құзыретін нақтылау жөніндегі шаралар туралы" 1999 жылғы 13 қазандағы N 235 Жарлығын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігі туралы ереже бекітілсін.

1-1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігінің қарауындағы ұйымдардың тізбесі бекітілсін.

ЕСКЕРТУ. Жаңа 1-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2000.02.10. N 198 қаулысымен.

2. Қазақстан Республикасы Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігіне үш вице-министрі болуға рұқсат етілсін.

3. Қазақстан Республикасы Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігінің мемлекеттік мекеменің ұйымдастырушылық-құқықтық нысанындағы мынадай ведомстволары құрылсын:

- 1) Орман, балық және аңшылық шаруашылығы комитеті;
- 2) Су ресурстары жөніндегі комитет;
- 3) Қоршаған ортаны қорғау комитеті.

4. Қазақстан Республикасының Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігі заңдарда белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Үкіметіне құрылған ведомстволардың ережелерін бекіту жөнінде ұсыныс енгізісін.

5. Қазақстан Республикасы Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігінің (бұдан әрі - министрлік) жүйесінде қосымшаға сәйкес Министрліктің аумақтық органдарының бекітілген штат саны лимитінің шегінде мемлекеттік мекемелер құрылсын.

Министрлік құрылған мемлекеттік мекемелердің құрылтай құжаттарын бекітсін, олардың әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін және қаулының осы тармағын іске асыру жөнінде өзге де шаралар қабылдасын.

6. Министрліктің қарауындағы "Қазгеоақпарат" республикалық геологиялық ақпарат орталығы" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - Мекеме) құрылсын.

Министрлік Мекеменің құрылтай құжаттарын бекітсін, әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін және қаулының осы тармағын іске асыру жөнінде өзге де шаралар қабылдасын.

7. "Республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың тізбесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 25 маусымдағы N 790 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1996 ж., N 29, 256-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың тізбесінде:

"Қазақстан Республикасының Геология және жер қойнауын қорғау министрлігі" деген бөлімдегі реттік нөмірі 2-жол алынып тасталсын;

"Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрлігі" деген бөлімнің атауы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігі";

мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 91-2 жолмен толықтырылсын:

"91-2. Қазыналық Алматы облысы мамандандырылған гравиметрикалық Іле кәсіпорын ауданы".

8. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

1) "Қазақстан Республикасы Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 31 наурыздағы N 347 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1999 ж., N 11, 109-құжат);

2) Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 2 тамыздағы N 1093 қаулысының 9-тармағы.

9. Министрлік бір ай мерзімде Қазақстан Республикасы Үкіметінің бұрынғы қабылданған шешімдерін осы қаулыға сәйкес келтіру туралы ұсыныс енгізсін.

10. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің 1999 жылғы
12 қарашадағы
N 1693 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасының Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігі туралы Ереже

1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасының Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігі (бұдан әрі - Министрлік) қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік басқару мен бақылау функцияларын орындауға уәкілетті, сондай-ақ қоршаған ортаны қорғау және ерекше қорғалатын табиғат аумақтарын қоса алғанда, табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану салаларында салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган болып т а б ы л а д ы .

Министрліктің ведомстволары - Қоршаған ортаны қорғау комитеті, Орман, балық және аңшылық шаруашылығы комитеті, Су ресурстары жөніндегі к о м и т е т і б о л а д ы .

Ескерту. 1-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.01.16. N 51 қаулысымен.

2. Министрлік өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарына, Қазақстан Республикасы Президентінің, Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Министрлік мемлекеттік мекеменің ұйымдастырушылық-құқықтық нысанында құрылған заңды тұлға болып табылады, өз атауы мемлекеттік тілде жазылған мөрлері мен мөртанбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ заңдарға сәйкес банктерде шоттары болады.

Министрлік азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

Министрліктің, егер заңдарға сәйкес оған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарабы болуға құқығы бар.

4. Министрлік өз құзыретіндегі мәселелер бойынша заңдарда белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында міндетті күші болатын бұйрықтар шығарады.

5. Министрліктің ережесі мен штат санының лимитін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

6. Министрліктің заңды мекен-жайы: Көкшетау қаласы, Қ.Сәтбаев көшесі, 1.

ЕСКЕРТУ. 6-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.05.25. N 793 қаулысымен.

7. Министрліктің толық атауы - "Қазақстан Республикасының Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігі" мемлекеттік мекемесі.

Министрліктің мемлекеттік мекеменің ұйымдастырушылық-құқықтық нысанындағы аумақтық органдары - облыстық, Астана, Алматы қалаларындағы қоршаған ортаны қорғау басқармалары мен облыстық жануарлар мен өсімдіктер дүниесін мемлекеттік бақылау басқармалары бар.

8. Осы Ереже Министрліктің құрылтай құжаты болып табылады.

9. Министрліктің қызметін қаржыландыру тек республикалық бюджеттен ғана жүзеге асырылады. Министрлікке өзінің функциясы болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында кәсіпкерлік субъектілермен шарттық қатынастарға кіруге тыйым салынады. Егер Министрлікке заң актілерімен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда мұндай қызметтен алынған кірістер мемлекеттік бюджеттің кірісіне бағытталады.

2. Министрліктің негізгі міндеттері, функциялары және құқықтары

10. Министрліктің негізгі міндеттері:

- 1) қоршаған ортаның жай-күйін жақсартуды қамтамасыз ету;
- 2) қоршаған ортаны қорғау және табиғатты ұтымды пайдалану саласында мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіру;
- 3) өз құзыретінің шегінде қоршаған ортаны қорғау мен табиғатты пайдаланудың экономикалық әдістерін жетілдіру;
- 4) қоршаған ортаны қорғау мен табиғатты пайдалану саласында оқу-ағарту жүйелерін дамыту болып табылады.

11. Министрлік заңдарда белгіленген тәртіппен мынадай функцияларды жүзеге асырады:

1) қоршаған ортаны қорғау саласында бірыңғай мемлекеттік саясат жүргізеді және аталған салада мемлекеттік және өзге де бағдарламалардың орындалуын ұйымдастырады;

2) өз құзыретінің шегінде қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалануды басқару функцияларын жүзеге асырушы орталық атқарушы органдардың қызметін үйлестіреді және ведомствоустілік бақылауды жүзеге асырады;

3) өз құзыретіне сәйкес қоршаған ортаны қорғау табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану мен молайту саласында мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

4) өз құзыретінің шегінде қоршаған ортаға, оның ішінде ерекше қорғалатын табиғат аумақтары, орман, жануарлар мен өсімдіктер дүниесі, атмосфералық ауа, су, жер жөнінде мемлекеттік мониторинг бойынша жұмыстар жүргізеді, сондай-ақ қоршаған орта мен табиғи ресурстар мониторингінің бірыңғай жүйесіне басшылық жасайды;

5) қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану туралы заңдардың, оның сапасының нормативтері мен экологиялық талаптардың сақталуын мемлекеттік бақылайды;

б) республикалық бағдарламалардың әкімшісі болады, сондай-ақ олардың орындалуын ұйымдастырады;

7) қоршаған ортаның, табиғи ресурстардың жай-күйіне объективті баға беруді қамтамасыз етеді және Қазақстан Республикасы Үкіметіне ақпарат береді;

8) қорық ісі саласындағы жұмыстарды үйлестіреді, сондай-ақ өз құзыретінің шегінде ерекше қорғалатын табиғат аумақтары мәселесі бойынша нормативтік құқықтық актілер шығарады;

9) мемлекеттік экологиялық сараптамаларды ұйымдастырады және жүргізеді;

10) гидрометеорологиялық жағдайдың мониторингін жүргізеді;
1 1) < * >

11-1) мелиорация, ирригация және дренаж функцияларын қоспағанда су ресурстарын басқаруды жүзеге асырады;

12) қоршаған ортаны қорғау табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану мен молайту саласында мемлекеттік зерттеу бағдарламаларын әзірлейді және бекітеді ;

13) қоршаған ортаны қорғау мен табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану саласындағы оқу-ағарту жөніндегі ақпараттық-талдаулық жұмыстарды ұйымдастырады ;

14) өзіне заңдармен жүктелген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

ЕСКЕРТУ. 11-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.03.02. N 347 қаулысымен.

Ескерту. 11-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.01.16. N 51 қаулысымен.

12. Министрліктің негізгі міндеттерін іске асыруы және өз функцияларын жүзеге асыруы үшін заңдарда белгіленген тәртіппен:

1) өз құзыретінің шегінде лицензиялауды жүзеге асыруға;

2) өз құзыретінің шегінде табиғатты пайдалануға рұқсат беруге және табиғатты пайдалануға шарттар (келісімшарттар) жасасуға;

3) өз құзыретінің шегінде қоршаған орта сапасының нормативтері мен шаруашылық және өзге де қызметтер бойынша экологиялық талаптарды, оның ішінде ;

атмосфераға шығарулардың, жер беті және жер асты суларына ағызулардың шекті жол берілетін нормативтерін қоса алғанда қоршаған ортаға әсер етудің нормативтерін, жергілікті бедерлер мен жер қойнауында зиянды заттарды көмудің және қалдықтарды орналастырудың жол берілетін көлемінің нормативтерін ;

табиғи ресурстарды пайдалану үшін төлемдердің нормативтерін; қоршаған ортаны ластағаны үшін, оның ішінде атмосфераға тастаулар, жер үсті және жер асты суларына ағызулар, жергілікті бедерлер мен жер қойнауында зиянды заттарды көму және қалдықтарды орналастыру үшін төлемдердің нормативтерін бекітуге немесе келісуге;

3-1) су ресурстарын пайдалануды және қорғауды реттеуге мемлекетаралық су бөлісу мәселелері бойынша ынтымақтастықты жүзеге асыруға;

4) мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізу үшін заңдарда белгіленген тәртіппен олардың еңбегіне ақы төлеу арқылы сарапшыларды тартуға;

5) мемлекеттік органдардан, өзге де ұйымдар мен жеке адамдардан қоршаған ортаны қорғау мен табиғатты пайдалану саласында мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру үшін қажетті ақпараттарды сұратуға және алуға;

6) табиғатты қорғау талаптарын бұзушыларды өз құзыретінің шегінде жауапқа тарту жөнінде шаралар қолдануға, сондай-ақ талап-арыз ұсынуға және табиғатты қорғау заңдары талаптарының бұзылғандығы туралы істер жөнінде сот талқыларында мемлекеттің атынан талапкер болуға;

7) ұйымдардың, ғимараттардың және объектілердің жұмыстарын шектеу және тоқтата тұру, оларды пайдалануға қосуға тиым салу, экологиялық талаптарды бұза отырып іске асырылған шаруашылық және өзге де қызметті шектеу немесе тоқтата тұру туралы ұйғарымдама шығаруға немесе бұл қызметті тоқтату туралы ұсыныс енгізуге;

8) Министрліктің қызметі мәселелері бойынша халықаралық ұйымдармен өз ара іс-қимыл жасасуға;

9) бас мемлекеттік экологиялық сарапшыларды тағайындауға;

10) заңдарда көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқылы.

ЕСКЕРТУ. 12-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.03.02. N 347 қаулысымен.

3. Министрліктің мүлкі

13. Министрліктің жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болады. Министрліктің мүлкі өзіне мемлекет берген мүліктің есебінен қалыптасады және негізгі қорлар мен айналымдық қаражаттан, сондай-ақ құны Министрліктің балансында көрсетілетін өзге де мүліктен тұрады.

14. Министрлікке бекітіліп берілген мүлік республикалық меншікке жатады.

15. Министрліктің өзіне бекітіліп берілген мүлікті өз бетінше иеліктен шығаруға немесе оған өзге тәсілмен билік жүргізуге құқығы жоқ. Министрлікке заңдарда белгіленген жағдайларда және шектерде мүлікке билік жасау құқығы берілуі мүмкін.

4. Министрліктің қызметін ұйымдастыру

16. Министрлікті Қазақстан Республикасының Президенті қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын Министр басқарады. Министрдің, оның ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын орынбасарлары - вице-министрлері болады.

17. Министр Министрліктің жұмысын ұйымдастырады және басшылық жасайды әрі Министрлікке жүктелген міндеттердің орындалуы мен оның өз функцияларын жүзеге асыруы үшін жеке жауаптылықта болады.

18. Министр осы мақсатта:

1) өз орынбасарлары мен Министрліктің құрылымдық бөлімшелері басшыларының міндеттері мен өкілеттіктерін белгілейді;

2) заңдарға сәйкес Министрлік аппаратының қызметкерлерін, аумақтық органдар мен ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік ұйымдардың басшыларын қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

3) Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен штат саны лимитінің шегінде Министрліктің құрылымдық бөлімшелері мен оның аумақтық органдарының құрылымы мен штат санын айқындайды;

4) заңдарда белгіленген тәртіппен Министрліктің қызметкерлеріне, сондай-ақ Министрліктің аумақтық органдарының басшыларына тәртіптік жаза, сондай-ақ көтермелеу шараларын қолданады;

5) Министрліктің бұйрықтарына қол қояды;

6) ведомстволар туралы ережелерді қоспағанда Министрліктің аумақтық органдары мен құрылымдық бөлімшелері туралы ережелерді бекітеді;

7) басқа мемлекеттік органдар мен өзге де ұйымдарда Министрліктің атынан ө к і л д і к е т е д і ;

8) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

19. Министрліктің консультативтік-кеңесші орган болып табылатын Алқасы болады. Алқаның сандық және жеке құрамын министрліктің құрылымдық бөлімшелері басшыларының арасынан Министр бекітеді.

Министрлік жер қойнауын, қоршаған ортаны қорғаудың және табиғи ресурстарды пайдаланудың өзекті мәселелерін қарау мақсатында ғылыми-техникалық кеңес, мемлекеттік экологиялық сараптау кеңесін, өзге де кеңестер мен жұмыс топтарын құрады. Кеңестер туралы ережелер мен олардың жеке құрамын Министр бекітеді.

5. Министрлікті қайта ұйымдастыру және тарату

20. Министрлікті қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ү к і м е т і н і ң 1 9 9 9 ж ы л ғ ы
1 2 қ а р а ш а д а ғ ы
N 1 6 9 3 қ а у л ы с ы н а
қосымша

Қазақстан Республикасы Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігінің мемлекеттік мекемелері - аумақтық органдарының Тізбесі

Ақмола облысы

1. Қазақстан Республикасы Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігінің Ақмола облыстық аумақтық қоршаған ортаны қорғау басқармасы.

2. Қазақстан Республикасы Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігінің Ақмола облыстық аумақтық өсімдіктер мен жануарлар дүниесін мемлекеттік бақылау басқармасы.

Ақтөбе облысы

3. Қазақстан Республикасы Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігінің Ақтөбе облыстық аумақтық қоршаған ортаны қорғау басқармасы.

4. Қазақстан Республикасы Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігінің Ақтөбе облыстық аумақтық өсімдіктер мен жануарлар дүниесін мемлекеттік басқармасы.

Алматы облысы

5. Қазақстан Республикасы Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігінің Алматы облыстық аумақтық қоршаған ортаны қорғау басқармасы

6. Қазақстан Республикасы Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігінің Алматы облыстық аумақтық өсімдіктер мен жануарлар дүниесін мемлекеттік бақылау басқармасы.

Атырау облысы

7. Қазақстан Республикасы Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігінің Атырау облыстық аумақтық қоршаған ортаны қорғау басқармасы.

8. Қазақстан Республикасы Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігінің Атырау облыстық аумақтық өсімдіктер мен жануарлар дүниесін мемлекеттік бақылау басқармасы.

Шығыс Қазақстан облысы

9. Қазақстан Республикасы Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігінің Шығыс Қазақстан облыстық аумақтық қоршаған ортаны қорғау басқармасы.

10. Қазақстан Республикасы Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігінің Шығыс Қазақстан облыстық аумақтық өсімдіктер мен жануарлар дүниесін мемлекеттік бақылау басқармасы.

Жамбыл облысы

11. Қазақстан Республикасы Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігінің Жамбыл облыстық аумақтық қоршаған ортаны қорғау басқармасы.

12. Қазақстан Республикасы Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігінің Жамбыл облыстық аумақтық өсімдіктер мен жануарлар дүниесін мемлекеттік бақылау басқармасы.

Батыс Қазақстан облысы

13. Қазақстан Республикасы Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігінің Батыс Қазақстан облыстық аумақтық қоршаған ортаны қорғау басқармасы.

14. Қазақстан Республикасы Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігінің Батыс Қазақстан облыстық аумақтық өсімдіктер мен жануарлар дүниесін мемлекеттік бақылау басқармасы.

Қарағанды облысы

15. Қазақстан Республикасы Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігінің Қарағанды облыстық аумақтық қоршаған ортаны қорғау басқармасы.

16. Қазақстан Республикасы Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігінің Қарағанды облыстық аумақтық өсімдіктер мен жануарлар дүниесін мемлекеттік бақылау басқармасы.

Қостанай облысы

17. Қазақстан Республикасы Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігінің Қостанай облыстық аумақтық қоршаған ортаны қорғау басқармасы.

18. Қазақстан Республикасы Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігінің Қостанай облыстық аумақтық өсімдіктер мен жануарлар дүниесін мемлекеттік бақылау басқармасы.

Қызылорда облысы

19. Қазақстан Республикасы Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігінің Қызылорда облыстық аумақтық қоршаған ортаны қорғау басқармасы.

20. Қазақстан Республикасы Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігінің Қызылорда облыстық аумақтық өсімдіктер мен жануарлар дүниесін мемлекеттік бақылау басқармасы.

Маңғыстау облысы

21. Қазақстан Республикасы Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігінің Маңғыстау облыстық аумақтық қоршаған ортаны қорғау басқармасы.

22. Қазақстан Республикасы Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігінің Маңғыстау облыстық аумақтық өсімдіктер мен жануарлар дүниесін мемлекеттік бақылау басқармасы.

Павлодар облысы

23. Қазақстан Республикасы Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігінің Павлодар облыстық аумақтық қоршаған ортаны қорғау басқармасы.

24. Қазақстан Республикасы Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігінің Павлодар облыстық аумақтық өсімдіктер мен жануарлар дүниесін мемлекеттік бақылау басқармасы.

Солтүстік Қазақстан облысы

25. Қазақстан Республикасы Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігінің Солтүстік Қазақстан облыстық аумақтық қоршаған ортаны қорғау басқармасы.

26. Қазақстан Республикасы Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігінің Солтүстік Қазақстан облыстық аумақтық өсімдіктер мен жануарлар дүниесін мемлекеттік бақылау басқармасы.

Оңтүстік Қазақстан облысы

27. Қазақстан Республикасы Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігінің Оңтүстік Қазақстан облыстық аумақтық қоршаған ортаны қорғау басқармасы.

28. Қазақстан Республикасы Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігінің Оңтүстік Қазақстан облыстық аумақтық өсімдіктер мен жануарлар дүниесін мемлекеттік бақылау басқармасы.

Астана қаласы

29. Қазақстан Республикасы Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігінің қалалық аумақтық қоршаған ортаны қорғау басқармасы.

Алматы қаласы

30. Қазақстан Республикасы Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігінің қалалық аумақтық қоршаған ортаны қорғау басқармасы.

Көкшетау қаласы

31. Республикалық қоршаған ортаны қорғау инспекциялық басқармасы, Атырау мен Балқаш қалаларындағы филиалдармен қоса.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ү к і м е т і н і ң 2 0 0 0 ж ы л ғ ы
1 0 а қ п а н д а ғ ы
N 1 9 8 қ а у л ы с ы м е н
бекітілген

Қазақстан Республикасы Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрлігінің қарауындағы ұйымдардың Тізбесі

*ЕСКЕРТУ. Тізбемен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2000.02.10.
N 1 9 8 қ а у л ы с ы м е н .*

*ЕСКЕРТУ. Тізбе жолмен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2001.01.16.
N 55 қаулысымен.*

Шаруашылық жүргізу құқығындағы "Қазгидромет" республикалық
мемлекеттік кәсіпорны

Шаруашылық жүргізу құқығындағы "Қазавиамет" республикалық мемлекеттік
кәсіпорны

"Қазгеоақпарат" "республикалық геологиялық ақпарат орталығы РГАО"
мемлекеттік мекемесі

Шаруашылық жүргізу құқығындағы "Мамандандырылған гравиметрикалық
кәсіпорны" республикалық мемлекеттік кәсіпорны

"Солтүстік-Каспий биоресурстарды қорғау жөніндегі аймақтық мекеме"
мемлекеттік мекемесі

"Балқаш биоресурстарды қорғау жөніндегі аймақтық мекемесі" мемлекеттік
мекемесі .

Шаруашылық жүргізу құқығындағы "Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны
қорғау ақпараттық-талдау орталығы" республикалық мемлекеттік кәсіпорны